# А Т Ы Р А У О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ К Е Ң Е С І

19 сәуір 2022 ж. №2/2 Атырау қаласы

**Атырау қаласы әкімінің қоғамдық пікірмен жұмысы туралы**

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Атырау облысының Қоғамдық кеңесі №2 отырысында «Атырау қаласы әкімінің қоғамдық пікірмен жұмысы туралы» Атырау қаласы әкімі М.Қалауидің баяндамасын тыңдап, талқылап облыстық қоғамдық кеңесі отырысы **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Атырау қаласы әкімі М.Қалауидің баяндамасын қаперге алынсын.

**2. Атырау қаласы әкімдігіне** (М.Қалауи)

1) Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған оңалту орталығын дамыту;

2) Автокөлік жолдары мен жаяу жүргіншілер жолдарын салу кезінде мүмкіндігі шектеулі жандардың қажеттілігін ескеру;

3) Қала ішіндегі жасыл желекті тамшылатып суару мүмкіндігін қарастыру, су тасымалдау арқылы суаруды кешкі немесе таңғы мезгілде ұйымдастыру;

4) Қаланың ескі бөлігіндегі бұзуға жататын үйлер бойынша кеңінен ақпараттандыру;

5) «Атырау-арена» спорт кешенін салу мүмкіндігін қарастыру;

6) «ТШО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар санын арттыруға қатысты ұсыныс беру;

7) Жыл сайынғы қыркүйек айында қала тұрғындарын ыстық сумен қамту жүйесінен ажыратуды жылдың жаз мезгілдеріне ауыстыру;

8) Қала ішіндегі қаңғыбас иттерді жоюды ұйымдастыру;

9) Атырау мұнай өңдеу зауыты маңында тұратын тұрғындардың көшіруге қатысты өтініштерін тиісті мемлекеттік органдармен азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып зерделеу жүргізу ұсынылсын.

3. Осы ұсынымдарды қарау нәтижесі туралы Заңмен белгіленген мерзімде кеңес хатшылығына хабарлау ұсынылсын.

**Кеңес төрағасы** **М.Ізбасов**